

Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтерді беру қағидаларын, олардың тізбесі мен нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 9 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9 желтоқсанда № 35455 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.06.2026 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі туралы ереженің 19-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтерді беру қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтер тізбесі осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтер нысаны осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.06.2026 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің Цифрландыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің ақпараттық жүйелерін букмекерлік кеңсені және (немесе) тотализаторды басқаратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық жүйелермен интеграциялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің Қаржылық мониторинг субъектілерімен жұмыс департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының Бірінші орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы

Ж. Элиманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігі Төрағасының
2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 9 бұйрығына
1 қосымша

Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтерді беру қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.06.2026 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы мәліметтерді беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 4-тармағына (бұдан әрі – Ойын бизнесі туралы заң) және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі туралы ереженің 19-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардан қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға мәліметтерді беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.06.2026 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) аппараттық-бағдарламалық кешен-ақпараттық процесстерді қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;

2) бәс тігу – қатысушылардың өзара не ойын бизнесін ұйымдастырушымен олар қатыспайтын ұтысты болжайтын оқиғаның нәтижесіне жасалған тәуекелге негізделген келісім;

3) бәс тігуге қатысушы – бәс тігуге қатысатын жеке тұлға;

4) қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңға сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және өзге де шаралар қабылдайтын мемлекеттік орган;

5) ойын бизнесін ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

3. Осы Қағидалар, Ойын бизнесі туралы заңның 6-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларға қолданылады:

1) букмекерлік кеңсе;

2) тотализатор.

2 тарау. Букмекерлік кеңсесінің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы мәліметтерді беру тәртібі

4. Ойын бизнесін ұйымдастырушы аппараттық-бағдарламалық кешендерді қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – ҚМА АЖ) интеграциялау арқылы мәліметтерді беру мақсатында мыналарды қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасының аумағында ойын бизнесін ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша аппараттық-бағдарламалық кешен серверінің болуы;

2) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптармен ҚМА АЖ-мен интеграциялауымен;

3) бәс тігудің әрбір қатысушысы, бәс тігудің әрбір қатысушысы бойынша қабылданған мөлшерлемелер (оның ішінде электрондық), бәс тігудің шығу нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты жинауды ҚМА АЖ жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері бойынша онлайн-режимде жүзеге асыру;

4) күнделікті негізде мәліметтерді тәулік бойы үздіксіз өңдеу және автоматты режимде беру;

5) аппараттық-бағдарламалық кешеннің жұмыс режиміндегі ақаулар немесе оны ауыстыру кезінде жұмыстың ақаулыққа төзімділігі және резервтік деректер жасайды;

6) деректердің өспелі қорытындысымен есепке алуды жүргізеді;

7) деректерді: бәс тігуге қатысушылар арасында бәс тігу жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап 5 (бес) жылдан кем емес ойын бизнесін ұйымдастырушылармен сақтайды.

5. Қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган мыналарды қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, қолданыстағы Қағидаларға сәйкес алынған мәліметтердің сақталуын және құпиялылығын;

2) ҚМА АЖ сервистерінің тәулік бойы үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді;

3) мәліметтерді қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, себебін көрсете отырып, 1 (бір) жұмыс күні ішінде ойын бизнесін ұйымдастырушыларға жазбаша хабарлайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігі Төрағасының

Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтерді беру тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.06.2026 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ойын бизнесін ұйымдастырушы туралы мәліметтер

1. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.
2. Ойын бизнесін ұйымдастырушының атауы.

Бәс тігуге қатысушы туралы мәліметтер

3. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
4. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН).
5. Сәйкестендіру деректері (тұлға мәртебесіне қарай):

- шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатта көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі немесе шетелдік паспорттың нөмірі (шетел азаматы үшін).

- Азаматтығы жоқ адамның куәлігінде көрсетілген ЖСН (азаматтығы жоқ адам үшін).

6. Азаматтығы (бар болса).
7. Ұялы байланыс абоненттік нөмірі.
8. Жеке тұлғаның банктік шоты (бар болса).

Бәс тігуге қатысушының аккаунты туралы мәліметтер

9. Бәс тігуге қатысушы аккаунтының сәйкестендіргіні.
10. Аккаунтты тіркеу күні мен уақыты.
11. Аккаунттың мәртебесі (белсенді, бұғатталған).

Төлем операциялары туралы мәліметтер

12. Төлем операциясына қатысушы (банк және (немесе) төлем ұйымы және (немесе) ұялы байланыс операторы) берген төлем операциясының сәйкестендіргіні.

13. Төлем операциясын орындауға қатысатын төлем инфрақұрылымы қатысушысының атауы (банк және (немесе) төлем ұйымы және (немесе) ұялы байланыс операторы).

14. Операция түрі: ойын шотын толықтыру, ұтысты төлеу, ақшалай қаражатты қайтару.

15. Операцияның күні мен уақыты.

16. Операция сомасы.

17. Операция валютасы (бар болса).

18. Төлем инфрақұрылымы қатысушысы қалыптастырған операция мәртебесі (орындалды, қабылданбады, тоқтатылды, жойылды, қайтарылды).

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігі Төрағасының
2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 9 бұйрығына
3- қосымша
Нысан

Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтер

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 01.06.2026 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	1	2	3	4	5
	Бизн ес-сә йкес тенді ру нөмі рі	Ойын бизнесін ұйымдасты рушының атауы.	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Сәйкестендіру деректері (тұлға мәртебесіне қарай): шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатта көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі немесе шетелдік паспорттың нөмірі (шетел азаматы үшін).
6	Азаматтығы (бар болса)		7 Ұялы байланыс абоненттік нөмірі	8 Жеке тұлғаның банктік шоты (бар болса)	9 Бәс тігуге қатысушы аккаунтының сәйкестендіргіні
10					Азamatтығы жоқ адамның куәлігінде көрсетілген ЖСН (азаматтығы жоқ адам үшін)
11	Аккаунттың мәртебесі	12 Төлем операциясына қатысушы (банк және (немесе) төлем ұйымы және (немесе) ұялы	13 Төлем операцияс ы н орындауға қатысатын төлем инфрақұры лымы ының атауы (банк және (	14 Операция түрі: ойын шотын толықтыру, ұтысты төлеу, ақшалай	15 Опер ация ның күні мен

белсенді, бұғатталған)	байланыс операторы) берген төлем операциясының сәйкестендіргіні	немесе) төлем ұйымы және (немесе) ұялы байланыс операторы)	қаражатты қайтару	уақыты
16	17	18		
Операция сомасы.	Операция валютасы (бар болса)	Төлем инфрақұрылымы қатысушысы қалыптастырған операция мәртебесі (орындалды, қабылданбады, тоқтатылды, жойылды, қайтарылды)		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК